

DOI 10.54596/2309-6977-2021-4-92-98

ӘОЖ 94(574)

ҒТАМА 07.00.03

АКАДЕМИК М.Қ. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Юсуп А.¹, Жуматай С.^{2*}

**КЕАҚ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті», Астана,
Қазақстан Республикасы*

**E-mail: koreev95@mail.ru*

Аңдатпа

Мақалада, отандық тарих ғылымының қалыптасуына және жаңа бағыттың негізін салуда еңбек еткен академик, ғалым-қайраткер Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың ғылыми-шығармашылығына талдау жасалады. Тарих ғылымы саласында еңбек еткен ғалымның 1948-2002 жж. аралығындағы зерттеулері көптеген тың тақырыптарды зерттеуге арналды. XX ғ. ұлт-азаттық көтерілістер тарихынан бастап, ашаршылық, ұжымдастыру мен ақтаңдақтар мәселесі жаңаша көзқарас тұрғысынан жазылып, ғылыми ортада үлкен бағаға ие болды. Зерттеушінің тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін зерттеу объективтілік және сараптау принциптеріне негізделеді. Сонымен қатар, жинақтау, жүйелеу және текстологиялық талдау әдістері қолданылды. М. Қозыбаевтың шығармашылық мұрасынан тәуелсіздік, ұлт мәселесіне қатысты жазылған еңбектерін саралау арқылы сол кезеңдегі саяси үдерістерге баға бере аламыз. Мақаланың өзектілігі зерттеу бағытының тарихнамалық тұрғыдан талдау мен маңыздылығын ашып көрсету сипатында қамтуында.

Кілт сөздер: М. Қозыбаев, зиялы қауым, тарих, ақтаңдақтар, ұлт мәселесі, тұлғатану, ұжымдастыру.

ВКЛАД АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА В РАЗВИТИЕ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ

Юсуп А.¹, Жуматай С.^{2*}

**НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», Астана,
Республика Казахстан*

**E-mail: koreev95@mail.ru*

Аннотация

В статье проводится анализ научно-творческого творчества академика, ученого-деятеля Козыбаева Манаша Кабашевича, работавшего над становлением отечественной исторической науки и созданием нового направления. 1948-2002 гг. ученый, работавший в области исторической науки. его исследования были посвящены изучению многих новых тем. Начиная с истории национально-освободительных восстаний XX в., проблема голода, коллективизации и Актау была написана с новой точки зрения и получила высокую оценку в научных кругах. Изучение вклада исследователя в развитие исторической науки основывается на принципах объективности и экспертизы. Кроме того, применялись методы обобщения, систематизации и текстологического анализа. Из творческого наследия М. Козыбаева мы можем судить о политических процессах того периода, дифференцируя его труды по вопросам независимости, нации. Актуальность статьи заключается в характере раскрытия историографического анализа и значимости направления исследования.

Ключевые слова: М. Козыбаев, интеллигенция, история, проблемы нации, личностные науки, коллективизация.

CONTRIBUTION OF ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV
TO THE DEVELOPMENT OF NATIONAL HISTORICAL SCIENCE

Yusup A.¹, Zhumatai S.^{2*}

**Non-profit limited company "Eurasian National University named after L.N. Gumilyov",
Astana, Republic of Kazakhstan*

**E-mail: kopeev95@mail.ru*

Abstract

The article analyzes the scientific and creative work of academician, scientist-activist Kozybaev Manash Kabashevich, who worked on the formation of national historical science and the creation of a new direction. 1948-2002. a scientist who worked in the field of historical science. his research was devoted to the study of many new topics. Starting from the history of the national liberation uprisings of the twentieth century, the problem of hunger, collectivization and Aktau was written from a new point of view and was highly appreciated in scientific circles. The study of the researcher's contribution to the development of historical science is based on the principles of objectivity and expertise. In addition, methods of generalization, systematization and textual analysis were used. From the creative heritage of M. Kozybayev, we can judge the political processes of that period, differentiating his works on issues of independence, the nation. The relevance of the article lies in the nature of the disclosure of historiographical analysis and the significance of the research direction.

Keywords: M. Kozybayev, intelligentsia, history, problems of the nation, personal sciences, collectivization.

Kіріспе

Қоғамдық өзгерістер барысында халқымыздың өткен тарихын жазу тарихшы-ғалымдар алдындағы басты міндет пен борышы болды. Ұлт тарихын зерделеуде терең де жан-жақты зерттеулер жүргізіп, кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихы туралы келелі ой-тұжырымдарын қалдырған тарихшылар қазақ зиялы қауымының шоқ жұлдыздай жарық шоғырын құрайды. Үнемі үрдістік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой-интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ететін, сондай-ақ оның алар бағытына да әсер ете алатын негізгі күш – зиялылар қауымы. Демек, отандық тарих ғылымының «тұлғатану» бағытында зиялы қауым өкілдерінің өмірі, қызметі мен ғылыми мұрасын зерттеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Отандық тарих ғылымында жеке тұлғаларға қатысты мәселелерді жан-жақты зерттеп, зерделеуде «тұлғатану» немесе «ғұмырнама» терминдері ресми түрде жариялылыққа ие болып, тарихнаманың маңызды саласы ретінде қалыптасты. Мақалада еліміздің тарих ғылымының дамуына үлес қосқан ғалым-тарихшы, академия Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың ғылыми шығармашылығы жан-жақты талданып, зерттеледі.

Манаш Қозыбаев – академик, көрнекті қоғам қайраткері, кемеңгер тарихшы. Ол отандық тарих ғылымының дамуына үлкен үлес қосып, өткен тарихымыздағы оқиғалардың себептерін, нәтижелері мен салдарларын және сол оқиғалардың өрбуіне себепші болған факторларды қабыстыра зерттеп, тұжырым жасады [1, 180-б.]. Оның еңбектері мен көзқарастары тоталитарлық жүйе кезеңінде де бұрмаланбай, тарихтың шынайы факторлары мен деректерін негізге ала отырып жазылды. Кешегі аға буын тарихшылардың ізін жалғастыра отырып, ұлттық тарихтың негізін нығайтып, жаңаша бағытта жазды.

Отандық тарих ғылымының жаңа тарихшы буынын тәрбиелеуде ұстаздық етіп, қазақтың ой-пікірінің дамуына және ұлт мүддесі үшін қызмет етті. Бұл туралы академик С. Қирабаев: «М. Қозыбаев қазақ тарихындағы биік тұлғалардың бірі. Ол өз кезегінде

қазақ ұлттық ой-пікірінің дамуына айтарлықтай үлес қосды» [2, 59-б.], - деп ғалымның қоғам мен ғылым саласындағы қызметінің ерен екендігін анық көрсетіп берді. Ал белгілі тарихшы-ғалым К. Нұрпейісовтың танымдық мақалаларында М. Қозыбаевтың ғалым болып қалыптасуындағы жүріп өткен жолы мен ұлттық мәдени мұра мен руханиятқа қосқан үлесіне жоғары баға береді [3, 4-б.].

Манаш Қозыбаевтың зерттеулері өзекті мәселелерге арналып, өлкетанудан бастап, ұлт-азаттық көтерілістер тарихы, олардың жетекшілері, халқымыздың ұлы тұлғалары, Ұлы отан соғысы мен желтоқсан көтерілісі, тәуелсіздік алған жылдардағы ұлттық мәселелер (тіл, ұлт)не қатысты зерттеулері бүгінгі күнге дейін құнды. Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін саралап, маңызын көпшілікке жеткізе білген тарихшы-ғалымның еңбектеріне талдау жасап арқылы, оның құнды жақтарын көрсету, құндылығын ашып көрсету тақырыптың өзектілігін арттырады.

Материалдар мен әдістер. Мақала тарих ғылымындағы «тарихи тұлғатану» бағытында жазылып, ғалымның зерттеу еңбектеріне тарихнамалық талдау жасалады. М. Қозыбаевтың отандық тарих ғылымының дамуына қосқан үлесіне қатысты зерттеу жұмысын жүргізуде жалпығылыми және арнайы тарихи әдістер кешені қолданылады. Атап айтар болсақ: тарихи-жүйелілік, проблемалық-хронологиялық, тарихи-салыстырмалы. Сонымен қатар, ғалымның өмірі мен шығармашылығының қалыптасуын зерттеуде библиографиялық әдіс қолданылды. Аталған әдіс арқылы ғалымның отандық тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін бағалауға тырыстық.

Ғалымның ғылыми шығармашылығына қатысты текстологиялық және тұжырымдамалық талдау жасалады.

М. Қозыбаевтың тарих ғылымының өзекті мәселелеріне арналған еңбектеріндегі негізгі тұжырымдарын талқылауда тарихнамалық зерттеулер әдіснамасы қолданылды. Аталған зерттеу әдістері мақаланың өзектілігі мен мақсатына жетуде маңызды болып табылады.

Талқылау. Манаш Қозыбаев отандық тарихы ғылымын дамытушы, жаңаша бағытта жалғастырушы. Ол – 1931 ж. 16 қарашада Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Тазкөл ауылында дүниеге келген. Мектеп пен училищедегі білімін жетілдіріп, 1953 ж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде білім алады. Оқуын аяқтаған соң 1958 ж. Қазақстан КП ОК «Партия тарихы» институтында ғылыми қызметпен айналысып, кейіннен аға ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының докторы, профессор дәрежесіне дейін көтеріледі. Ғылым саласындағы негізгі зерттеулері көптеген өзекті мәселелерді қамтыды.

Оның еңбектері өзекті мәселелерге арналып, жазылды және ұлт тарихын отаршылдық пен еуроцентристік көзқарас тұрғысынан пайымдауға тырысқан ғалымдардың еңбектеріне шынайы әрі ғылыми тұрғыдан тойтарыс беруге бағытталды. Ғалымның негізгі іргелі зерттеулері XX ғ. кеңестік кезеңнің өзінде қалыптасып үлгерді және тәуелсіздік алғашқы жылдарында да өз жалғасын жаңаша бағытта дамытты.

Манаш Қозыбаевтың 1948-2002 жж. аралығында жазылған ғылыми еңбектері келесідей мәселелерді қамтыды:

- XX ғ. басындағы ұлт-азаттық көтерілістер тарихы;
- XX ғ. 20-30 жылдарындағы ұжымдастыру және ашаршылық кезеңі;
- ұлт тарихындағы тұлғалар (ақтаңдақтар мәселесі);
- Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан (тылдағы еңбек, мәдениет, қоғам дамуы)

– Желтоқсан оқиғасы т.б. іргелі мәселелер бойынша зерттеу еңбектерін жазды. Аталған мәселелерді талдай келе, М. Қозыбаевтың ғылыми-шығармашылық жолын тарихи кезең бойынша 4-ке бөліп қарастыруға болады: біріншісі – М. Қозыбаевтың тарих ғылымындағы алғашқы қадамы – студенттік кезеңі жылдары (1948-1953 жж.); екіншісі – тарих ғылымының бір бағыты өлкетанулық зерттеулер жүргізген Қостанай қаласындағы еңбек жолы (1953-1958 жж.); үшіншісі – нағыз ғылым жолындағы зерттеулерінің, кандидаттық, докторлық диссертациялардың авторы атануы, сонымен қатар іргелі зерттеулерінің жарық көріп, Партия тарихы институтындағы қызметі (1958-1985 жж.); Төртінші кезең – Қазақ КСР Ғылым Академиясы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтындағы ғылыми қызметі, отан тарихының іргелі зерттеулерімен айналысу кезеңі (1985-1991 жж.) [4, 57-б.]. Осылайша, өзінің барлық жігері мен уақытын Отан тарихының өзекті мәселелерін, «ақтаңдақтар» мәселесін зерттеуге арнады.

Мәселені терең зерттеу, яғни «Манаштану» академик өмірден озғаннан кейін ғана басталды. Ол ғалымның мұрасын жан-жақты зерттеу, мемлекет тарапынан оны мәңгі есте сақтау шараларының қабылдануы, ұлттық мәдениет пен ғылым тарихындағы оның орны мен рөлін анықтаумен сипатталды [5, 11-б.]. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 ж. 5 ақпандағы №134 «Академик Манаш Қозыбаевты мәңгі есте сақтау туралы» [5, 10-б.] қаулысының жүзеге асырылуымен байланысты еді.

Жалпы, М. Қозыбаевтың ғылыми және шығармашылық қызметіне қатысты жекелеген зерттеушілердің еңбектері, мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар, мерейтойлық мақалалар жинағы мен ғалымның еңбектерінде жазылған талдауларды құрайды. Аталған жарияланымдар арқылы ғалымның ғылым жолындағы жетістіктері мен еңбектерінің құндылығы және маңыздылығына көз жеткізуге болады. Осылайша, М. Қозыбаевтың ғылыми-ұйымдастырушылық және шығармашылық қызметіне шолу жасау арқылы оның ғалым әрі тарих саласының кәсіпқой маманы екендігіне тұжырым жасай аламыз.

Зерттеу нәтижелері. М. Қозыбаевтың отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелерге арналған еңбектері түрлі тақырыптарды қамтыды. Оның тарих ғылымы бойынша бірнеше салада өзекті мәселелерді көтерген және сол жөніндегі тұжырымдары көп қырлылығымен ерекшеленді. 40 жылдан астам уақыт бойы ғылыми-шығармашылықпен айналысып, 140-тан астам мақалалар мен 30 монография және 50-ден астам ұжымдық еңбектер, оқулықтар жазды. Ғалымның зерттеу еңбектерінің көпшілігі тәуелсіздік жылдары жарық көрді және соңғы 10 жылындағы еңбектері, елімізде және шет елдік конференцияларда сөйлеген сөздерінің өзі 9 томды құрайды. Бұл еңбектерді тақырыптар бойынша жіктеп, маңыздылығын талдап көрсетсек:

XX ғ. ұжымдастыру мен ашаршылық туралы зерттеулері. М. Қозыбаевтың XX ғ. 30-жылдарындағы ашаршылық мәселесін зерттеу жөніндегі еңбектері өзінің тарихи шындық тұрғысынан жазылғанымен ерекшеленді.

1988 ж. М. Қозыбаевтың бастамасымен Орта Азия мен Қазақстандағы XX ғ. ашаршылық және нәубет жылдарына қатысты Бүкілодақтық конференция ұйымдастырылды. Конференцияда шаруаларды ұжымдастырудың тарихы жан-жақты талданып, тарихи ақиқаты түрлі ғылыми зерттеулер барысында жарияланды.

Зерттеу нәтижелері алғаш рет 1989 ж. «Вопросы истории» журналында көлемді мақала түрінде жарияланды.

Ұлт тарихындағы көтерілістер тарихы. Қазақ халқы тарихында XVIII-XX ғғ. кезеңі ұлт-азаттық көтерілістер мен олардың тарихи маңызымен ерекшеленді.

Ұлт-азаттық көтерілістер отаршылдыққа, езгіге қарсы халықтың жаппай бас көтеруі мен дербестікке ұмтылу жолындағы күресімен белгілі. Зерттеуші М. Қозыбаев қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістері жөнінде 1980 ж. соңы мен 1990 ж. бас кезінде кешенді зерттеулер жүргізе бастады. Олардың ішінде К. Қасымұлы, Ж. Нұрмұхамедұлы, Ә. Жанбосынов пен А. Иманов бастаған көтерілістер мен XX ғ. басындағы Алаш қозғалысы мен Алашорда автономиясының құрылуы қарсаңындағы ұлт тұлғаларының тәуелсіздікке ұмтылу жолындағы еңбегіне тыңғылықты зерттеулер жүргізіп, объективті шындықты қалпына келтіруде елеулі жұмыстар атқарылуымен ерекшеленді. Осындай күрделі мәселелерге арналған «Жауды шаптым ту байлап» [6], «История и современность» [7] еңбектері жарық көрді.

Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы зерттеулер. 1960-1980 жж. М. Қозыбаев Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы Қазақстанның жағдайы, соғысқа қазақстандықтардың қосқан үлесі, тылдағы еңбек т.б. мәселелер жөнінде маңызды зерттеу жүргізді.

1958 ж. Қостанай педагогикалық институтынан Алматы қаласындағы партия тарихы институтына шақырылып, Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы қостанайлықтардың тылдағы еңбегі мен жеңіске қосқан үлесі тақырыбында зерттеу жұмысын бастайды. Аталған еңбек ауыл еңбеккерлерінің тылдағы жанқиярлық еңбектері, мектеп оқушыларының көмегі мен бүкілхалықтық бастамалар туралы баяндайды [8]. Осы кезеңде ғалымның «Қазақстан – арсенал фронта», «Компартия Казахстан в период Великой Отечественной войны», «Ұлы ерлік» атты монографиялары жарық көрді.

М. Қозыбаев «Партия тарихы» институтында қызмет етіп жүрген кезінде «Қазақстан Коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты еңбегі отандық тарихшылар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Еңбекке баға берген зерттеушілер оның архив деректерін терең талдау арқылы үлкен ғылыми қызығушылық пен көпшілік үшін маңыздылығын баяндаған [9, 58-б.].

Тәуелсіздік жылдарындағы тарихи мәселелер. Ғалым 1988-2002 жылдары Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының директоры қызметіне тағайындалған кезден бастап кеңестік идеологияның күйреуі мен тәуелсіздіктің жариялануы қарсаңында қоғамда орын алған өзгерістер туралы зерттеулерге орасан зор үлес қосты. Осы кезде еуроцентристік көзқарастағы зерттеулерге тосқауыл қойып, идеологияландырудан бас тартуға және партиялық методологиядан бас тартуға шақырды.

Тарихшының отандық ғылымды дамытудағы жаңаша көзқарастары – желтоқсан оқиғасы туралы жазған тарихи шындық мақалалары еді. 1986 ж. болған Желтоқсан көтерілісі туралы жазған мақалаларында оқиғаның басталу себептері туралы шынайылықпен талдайды әрі баға береді. Сол кездің өзінде «бұзақылық» әрекет ретінде сипатталған бұл оқиғаны «толқу», «қақтығыс», «наразылық» және «ұлтшылдық, ұлтжандылық» деген сипаттамалар бойынша ара-жігін анықтап береді.

Тәуелсіздік алған жылдары жас мемлекеттің бірнеше тарихи мәселелері бар еді. Ол елдегі тіл мәселесі, Тәуелсіздік, ұлт болмысы, ұлттық мәдениет, намыс турасындағы өзекті мәселелерді қозғайды. Бұл бағытты жазылған еңбектер қатарында «Тәуелсіздік толғаныстары», «Киелі тәуелсіздік», «Ұлт болмысы», «Ата тілім – айбарым», «Ұлт намысы», «Ұлт зиялылары» т.б. мақалалары жарық көріп, Қазақстанның тәуелсіздікке жету жолдары мен оның тарихи маңызы, халқымыздың ұлтжандылық қасиеттері айқындалды.

Мемлекеттік тіл мәселесі төңірегінде ана тілімізді құрметтеу, қастерлеуді барша қазақстандықтарға үндейді және еліміздің мерейі үстем әрі тұғыры биік болу үшін ұлт перзенті болу қажеттілігін айтады.

Ұлт тарихындағы тұлғаларды тану мәселесі. Ұлт тарихындағы ұлы тұлғаларды тану арқылы сол кезеңдегі тарихы оқиғаларды нақты білуге болады. М. Қозыбаев осы мәселе төңірегінде орта ғасырлық ел билеушілері Әмір Темірден бастап, М.Х. Дулати, Ж. Баһадүр, Абылай хан, Кенесары хан және XX ғ. алаш зиялылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, Ә. Марғұлан т.б. тұлғаларды қазақ халқына танытуды парыз санап, ғұмырнамалық зерттеулер жасады [10].

М. Қозыбаевтың түрлі өзекті тақырыптардағы зерттеулері үлкен маңызға ие болып, ғылыми көпшілік тарапынан жоғары бағаға ие болды. Ғалымның келесі бір ұйымдастырушылық қабілеті – ғылыми басылымдарды құруы мен оның деңгейін көтеруге бағытталды.

Ғылыми басылымдарды ұйымдастыру. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың «Газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі» атты сөзі XX ғ. үлкен маңызға ие болды. Себебі, халық пен қоғамды ақпаратпен, ғылыми жарияланымдармен хабардар етуде ұлттық басылымдар үлкен мәнге ие болған еді. 1998 ж. М. Қозыбаевтың бастамасымен елімізде ғана емес шетелдік деңгейдегі ғылыми басылым «Отан тарихы» журналы жарыққа шықты. Сонымен қатар, «ҚР Ұлттық Ғылым академиясы хабарлары», «ҚР ҰҒА Хабаршысы», «Қазақ тарихы» басылымдарының редакциялық алқа мүшесі болды.

Қорытынды

М. Қозыбаевтың отандық тарих ғылымын дамытуда жазған еңбектерінің маңыздылығы мен мазмұндылығы жоғары бағаға ие. Ол тарих ғылымының күрделі әрі өзекті мәселелері жөнінде кешенді зерттеулер жүргізіп, зерттеудің жаңа методологиясын қалыптастырды. 1948-2002 жж. аралығында ғалымның бастамасымен бұрын «құпия» болып келген ашаршылық, ұлт-азаттық көтерілістер, ұлт пен тіл мәселесі жөнінде кешенді зерттеулер жүргізіліп, мәселелер идеологиялық тұрғыдан емес, жаңа көзқарас тұрғысынан жазылды. Тарихты зерттеу бойынша негізін қалап кеткен методология мәселелері тек еліміздің ғана емес ТМД мен алыс-жақын мемлекеттер тарихшылары тарапынан бірлескен зерттеулерде өзінің нәтижесін берді. Демек, М. Қозыбаев еңбектерінің отандық тарих ғылымын дамытудағы рөліне жасалған талдау нәтижелері оның маңыздылығы мен өміршеңдігімен ерекшеленді және жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеу өз жалғасын табатын болады.

Әдебиет:

1. Алдажұманов Қ., Төленова З.М. Манаш Қабашұлы Қозыбаев // Отан тарихы. - 2016. - №3. - Б. 179-181.
2. Жұлдызы жанған ғұлама. Академик Манаш Қозыбаев туралы естелік. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
3. Нұрпейіс К. Көш басшы // Қазақ тарихы. – 2001. – №5. – Б. 3-6.
4. Әбжанов Х.М. Ұлт тарихының тарланы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2011. – №3. – Б. 56-60.
5. Асылбеков М., Төленова З. Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері. – Алматы: Елтаным, 2014. – 296 б.
6. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
7. Қозыбаев М.К. История и современность. – Алматы: Ғылым, 1991. – 254 с.
8. Қозыбаев М.Қ. Қостанай еңбекшілерінің Отан соғысы кезіндегі ерліктері // Коммунизм жолы. – 1959. – 9 мамыр.

9. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.). – Алма-Ата: Казахстан, 1964. – 364 с.
10. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 272 б.

References:

1. Aldazhymanov K., Telenova Z.M. Manash Qabashyly Qozybaev // Otan tarihy. – 2016. – №3. – B. 179-181.
2. Zhylдыzy zhanған ғұлама. Akademik Manash Qozybaev turaly estelik. – Almaty: Atamyra, 2003. – 288 b.
3. Nyrpejis K. Kosh basshy // Qazaq tarihy. – 2001. – №5. – B. 3-6.
4. Obzhanov H.M. Ylt tarihyның tarlany // Abaj atyndary QazYPU habarshysy. Tarih zhəne sayasi-aleumettik ғыlymdar seriyasy. – 2011. – №3. – B. 56-60.
5. Asylbekov M., Telenova Z. Akademik M.Q. Qozybaev: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері. – Almaty: Eltany, 2014. – 296 b.
6. Qozybaev M. Zhaudy shaptym tu bajlap. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 192 b.
7. Qozybaev M.K. Istoriya i sovremennost'. – Almaty: Fylym, 1991. – 254 s.
8. Qozybaev M.Q. Qostanaj еңбекshilerinің Otan soғыsy kezindegi erlikteri // Kommunizm zholy. – 1959. – 9 мамыр.
9. Kompartiya Kazahstana v period Velikoj Otechestvennoj vojny (1941-1945 gg.). – Alma-Ata: Kazakhstan, 1964. – 364 s.
10. Qozybaev M. Aқтаңдақтар ақиқаты. – Almaty: «Qazaq universiteti», 1992. – 272 b.